# МІНЕЗДЕМЕ

«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Ақмол ауылының «Жұлдыз» балабақшасы» МКҚК музыка жетекшісі Биртаева Нургуль Баймухановнаға

Аталаған «Жұлдыз» балабақшасында 9 жыл жұмыс істейді. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты 2002 жылы «Аспапта орындаушылық», оқытушы, оркестр мамандығын аяқтады. Жұмыс істеген аралықта өзін алға қойған мақсатын орындай білетін, қайырымды адам етіп көрсетті. Жоғары кәсіби құзыреттілікке ие.

Оған тән қасиет – соңғы нәтижеге қол жеткізу, барлық жағдайға бейімделе білу.

Нургуль Баймуханқызы – әрқашан ізденісте жүретін, жоғары білікті педагог. Сайыстар, конференциялардың белсенді қатысушысы, 2019 жылы Қарағанды қаласы «Білім» қайта даярлау және біліктілікті арттыру институты «Музыкалық педагогика. Мектепке дейінгі білім беру ұйым жағдайында музыка оқу қызметінде проблемалық құндылық оқытудың әдістемелік негізі», 2021 жыл Алматы қаласы «Өрлеу-Education» республикалық оқу-әдістемелік орталығы «Музыканы оқыту әдістері», 2021 жыл Алматы қаласы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ, «Мектепке дейінгі ұйымдардағы музыка жетекшілерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» сертификаттарына ие болды.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық жетістіктері: 2019 жыл «Жұлдызың жансын» республикалық қашықтық байқауы I,II дәрежелі дипломдар, 2020 жыл «Менің Қазақстаным-менің болашағым», 2021 жыл Республикалық «Мен дарынды баламын», 2021 жыл «Мың бала» интеллектуалды білім порталы ұйымдастырған «Ән шашу» республикалық байқауы.

Нургуль Баймуханқызы оқыту әдістемесін жоғарғы деңгейде меңгерген ұстаз, жобалау әдістерін оқу қызметтерінде кеңінен қолданады. Мұғалімнің қолданатын технологиялары: «Музыкалық аспаптар арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» кеңінен қолданып, сабақтарын жандандыра түседі.

Нургуль Баймуханқызына еңбексүйгіштік, оқытуға деген шығармашылық ұстаным-мұғалімге тән қасиеттер. Сабақтары өзінің нақты ұйымдастырушылығымен ерекшеленеді. Балалардың білімін тексеруді іскерлікпен жсопарлай отырып, басты істерге асқан жауапкершілікпен қарайды. Ол оқу үрдісіне балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында тынбай еңбек етеді. Ұстаз оқу материалының жүйелі түрде бөлінуін, ойлау тілін жетілдіруге үлкен көңіл бөледі. Қорытынды оқу қызметтерінде, әрбір ертеңгіліктерінде балалармен қарым-қатынасты жүзеге асыру мақсатында ойлау, оқу, тыңдау және сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің іске асуына ықпал етеді. Балалардың ұлттық дәстүрмен,

қазақ халқының аспаптарын, мәдениетімен, туған жерінің табиғатымен таныстыра біледі. Ол балабақшадағы қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады.  Ұжым ортасында беделді, адамгершілігі мол, мінезі ашық жайдары жан.  Ол адамгершілік, сыйластық деген ұғымдарды бірінші орынға қояды. Ұжыммен тіл табысқыш, ибалы, кішіпейіл, қарапайым ұстаз.

Балабақша меңгерушісі Баранова О. А

**Музыка пәні жетекшісі Нұргүл Баймұханқызы Біртаеваға**

## МІНЕЗДЕМЕ

Елімізде білім беру, жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелері саласында түбегейлі, шұғыл бетбұрыстар жасалып жатқаны белгілі. Болашағына тұтқа болар білімді де білгір, білікті азаматтар даярлау - бүгінгі күннің келелі мақсаттарының бірі. Осындай жанның бірі Целиноград ауданы Ақмол ауылындағы «Жұлдыз» балабақшасы музыканты Нұргүл Баймұханқызы Біртаева.

Нұргүл Баймұханқызы талай жетістіктерге жетіп, балабақшада, аудандық сайыстарға қатысып балабақшаның абыройын көтеріп жүрген ізденімпаз музыкант. Тәрбиешінің негізгі мақсаты – тәрбиеленушінің шығармашылық қабілетін, музыкалық танымдық біліктілігін дамыта отырып, дарынды балаларды шыңдау.

Музыкадан сабақ беретін топтарында қабілетті және балалармен жеке жұмыс жүргізіп, әр түрлі балабақшада өтетін іс-шараларға тиянақты дайындауда.

Елімнің болашағы деп үміттенетін бүгінгі жас ұрпаққа білім нәрін сеуіп, еңбексүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеп, білімі мен өнегесін кішкене бүлдіршіндерге арнап, бойындағы бар күш – жігерін дарынды бүлдіршіндерді тәрбиелеуге жұмсайтын Нұргүл Баймұханқызының еңбегі ерекше.

Ата-аналармен тығыз байланыста болатын Нұргүл Баймұханқызы әр баланың ән айтудағы қабілеттілігін ашуда әр ата-анамен жеке жұмыс түрлерін жүргізеді. Сонымен қатар аудандық деңгейде шараларға қатысып, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Ұжым, ата-аналар ортасында беделді, адамгершілігі мол, мінезі ашық, жас мамандарға көмектесіп отырады. Ынта-жігерімен әр балаға көңіл бөліп, музыкаға қабілеті балаларға арнайы үйірме де жүргізеді. Ұжыммен тіл табысқыш, ибалы, кішіпейіл, қарапайым жан. Нұргүл Баймұханқызы Біртаева заман талабына сай, қоғамға лайықты білімді де, білікті жан екеніне сеніміміз мол. Балалармен жұмыс істеу барсында әсіресе музыка сабағында эстетикалық тәрбие беру арқылы әрбір бүлдіршіннің музыка өнеріне деген құштарлығын қалыптастырып, эстетикалық талғамын қанағаттандыруға, музыка жөніндегі түсінігін кеңейтуге, ішкі рухани байлығының ірге тасын өз беттерінше қалауға баулу, бағыттауда Нұргүл Баймұханқызының еңбегі зор.

**Целиноград ауданы**

**Ішкі саясат бөлімінің басшысы** **Ж.Е.Байділдина**

**СЫН–ПІКІР**

Целиноград ауданының мәдениет саласының дамуына үлес қосып, абыройын асқақтатып жүрген жандар ауданымызда аз емес. Солардың қатарынан ойып тұрып өзіндік орын алатындардың бірі «Жұлдыз» балабақшасының музыка жетекшісі Біртаева Нұргүл Баймұханқызы. Өз мамандығын жақсы таңдаған кәсіби өнер иесі. Нұргүл тек балабақша жұмысына ғана емес, аудандық, облыстық көптеген ауқымды мәдени шараларға, жалпы қоғамдық жұмыстарға үнемі ат салысып жүретін еңбегі зор өнерпаз, адал жар, аяулы ана!

Ол аудандық мәдениет үйінің жанынан құрылған орыс халық хорының белді әншісі және қазақ халық ұлт аспаптар оркестрі мен «Қазына» фольклорлық ансамблінде флейта аспабында кәсіби үлкен шеберлікпен ойнайды, әрі тұрақты белді мүшесі. Нұргүл Баймұханқызы кез-келген адаммен тез тіл табысып, әрдәйім өз жұмысына өте жауапкершілікпен қарайды.

Ол айналасындағы жандарға, әсіресе жастарға үнемі көмек көрсетіп жүреді. Сондықтан да өзінің ортасында сыйлы, әрі беделді. Нұргүл Баймұханқызының аудан мәдениетінің дамуына қосқан үлесі өте зор!

**Целиноград аудандық**
**мәдениет үйінің директор** **Қ.А.Айбасова**

# ПІКІР

Мен, Едресова Фариза балам «Ақбота» тобының тәрбиеленушісі Даулетбай Әлмансұрдың анасымын..

Ақмол ауылының МКҚК «Жұлдыз» балабақшасы өз алдына тамаша! Мамандары болса, өз ісінің үздігі, шебері.

Сонығ бірі, яғни, бірегейі – Биртаева Нургуль Баймуханқызы.
«Бағалай білмегенге бақ қонбайды,
Қуана білмегенге құт қонбайды» - деген Әбіш Кекілбаев атамыз. Расында, Нургуль ханым еңбегі ерек, тәжірибесі зор, балаларымыздың сүйікті ұстазы. Еңбегіне жеміс тілей отырып, талантты шәкірттері көп болсын деп тілеймін.

Орны бөлек, қызметі көркем, жаны жайсаң, адал әрі ақжарқын жанның еңбегін әркез бағалаймыз, қуанамыз, марқаямыз. Рахмет сізге!

Пікір жазған ата-ана:
Едресова Фариза

# ПІКІР

Мен Ақмола облысы Целиноград ауданы Ақмол ауылы «Жұлдыз» балабақшасының «Балбөбек» тобының тәрбиеленушісі
Меңдібай Альтаирдың анасы ретінде, осы атаулы балабақшада музыка жетекшісі болып жұмыс атқарып жүрген маман – Биртаева Нургуль Баймуханқызы туралы пікір білдіргім келеді.

Нургуль Баймуханқызы - өте білімді, өнерлі, білікті, бесаспап маман. Бірнеше музыкалық аспаптарды игерген. «Балбөбек» тобында өткен сабақтары өте әсерлі, қызықты өтеді. Балаларымыз өте көп әндер мен музыкалық шығармалар үйренуде. Нургуль апайын біздің балалар өте жақсы көреді. Себебі Нургуль Баймуханқызының жүрегі кең, өте балажан адам. Үнемі жайдары, жарқын жүзді, позитивті көңіл-күйде жүріп, айналасына мейірім шуағын төгіп жүреді.

Нургуль Баймуханқызының шәкірттері аудандық облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардан бірнеше жүлделі орыдарды жеңіп алды.

Нургуль апай – балабақшамыздың мақтанышы. Барлық шығармашылық бастамаларына сәттілік тілеймін!

Пікір жазған ата-ана:
Копина Алма

# МІНЕЗДЕМЕ

Мен, Жақсылықова Жанерке Байтөреқызы «Жұлдыз» балабақшасының тәрбиеленушісі Амантай Ерсұлтан Сакенұлының анасымын. Осы балабақшаның музыкант апайы Біртаева Нұргүл Баймұханқызына риясыз еңбегіне тәнтіміз. Баламды кәсіби деңгейде әнші етіп шығарды десем артық айтпаймын.

Ата-ана ретінде тәрбиешіге берер бағам жоғары. Өз ісінің шебері екенін көрсетті. Баланы өзіне баурап, баланың қызығушылығын арттырды. Баланың қабілетін ашты. Мінезі ашық-жайдары, адамгершілік қасиеттері өте көп, сегіз қырлы бір сырлы ұлтжанды азаматша. Бүгінгі таңда бала тәрбиесіне өзінің өнерін паш етіп, зор үлес қосуда. Өнерді шынайы сүйген, жұмысына жауапкершілікпен карайтын, барлық ортаға сыйлы, кез-келген жанға үлгі бола алатын абзал жан. Өз ісін жетік білетін, тәжірибелі маман деп айта аламын.

***Отзыв о музыкальном руководителе Биртаевой Н.Б.***

Нургуль Баймухановна - это очень компетентный педагог , который всегда стремится совершенствоваться.
Также она искренне любит своих воспитанников и не равнодушна к их каким- то, пусть даже незначительным неудачам или искренне рада их победам и успехам. Она активно учавствует в различных республиканских , областных и международных конкурсах, показывая высокое мастерство по классу вокала.
Также активно работает по инновационным технологиям: step by step, проектная деятельность.

Нургуль Баймухановна очень ответственна, ей можно смело поручить любое ответственное задание, дело и быть уверенным, что оно будет выполнено безупречно. Она очень активна и с большим энтузиазмом берется за любое поручение.
Нургуль Баймухановна аккуратна, всегда опрятна и с уважением относится к коллегам по работе , которые так же относятся к ней . Нургуль Баймухановна всегда спешит помочь своим коллегам, за что безусловно заслужила не только уважение , но и любовь всего коллектива. "Наша палочка-выручалочка и огромной души человек",- именно так называют нашего музыкального руководителя.

Музыкальный руководитель Калиева К. А.

Целиноград ауданы білім бөлімінің МҚКК "Жұлдыз" балабақшасының
ән-күй жетекшісіне Биртаева Нургуль Баймухановнаға

Пікір

Нургуль Баймухановна ақжарқын, шапшан, мейірімді әріптесім. Жұмыс барысында өзін жақсы жақтарынан көрсетуде, өткізген оқу қызметі, мерекелік іс-шаралар, ертеңгіліктер өтте қызықты , жоғары деңгейінде өтеді, тәрбиенушілерді жүрегінің жылылуғімен лаулап алады. Ол қолынан келген көмегін аямай, түсінікті, әрі бала ұғымына ұғынықты етіп жасайды. Дайындаған көрнекілітер, дидактикалық ойындар ашық түсті , эстетикалық далғамына сай келеді. Балаларды бауырына тартып, шығармашылыққа дамыта отырып, адамгершілікке тәрбиелеп, білімі мен өнегесін кішкене бүлдіршіндерге арнап келеді. Ата-аналармен тығыс байланыс жасайды, олармен жұмыс істеу білу арқылы , облыстық деңгейіндегі эксперименттік алаңшадағы жоба әдісін қолдану жағында, ата-аналарымен бірлесе қорытынды ашық сабақ жоғары деңгейінде өткізіп, педагогтармен бірігіп ""Денсаулық", "Шығармашылық" білім беру саласы бойынша жоба жұмысының технологияларын қолданудын кеңесі" атты ата-аналарға арналған семинар-практикум өткізді. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, бақшамыздың өркендеуіне елеулі үлесін қосып келеді.

Нургуль Баймухановна әріптестер арасында сыйлы да қарапайым, инабатты, ізденуден бірде-бір жалықпайтын жан екенін көруге болады.

МҚКК "Жұлдыз" балабақшаның педагог-психодогі

Г.Х. Джунусова

# Мінездеме

Мен Сапарова Томиристің анасы Сапарова Торғын, қызымның ән сабағынан беретін мұғалімі Біртаева Нұргүл Баймұхановнаның жұмысы көңілім толады. Себебі менің қызымның ән сабағына деген қызығушылығы өте жоғары. Әр іс-шара кезінде қызым өзінің рөлін жоғары деңгейде орындап шығады. және өз-өзіне көңілі толады. Маған ол кісінің берген сабағы өте қатты ұнады. Мұғалімнің еңбегінің арқасынан қызымның қызығушылығы тәжірибесі, білімі, шабыты артып барады. Әр қашан осындай мұғалімдерінің көбейіп, өзінің махаббатымен балаларға еңбегін сіңдіре берсін. Мен осындай мұғалімдер барына өте ризамын.

Сап

Ақмола облысы Целиноград ауданы
«Жұлдыз» балабақшасы
музыка жетекшісі:
Биртаева Нургуль Баймухановнаға

**Пікір**

Ұдайы ізденісте жүретін, жүрегінің мейірімі мен білім нәрін тәрбиеленушілерге арнаған педагогтың бірі «Жұлдыз» балабақшасының музыка жетекшісі Биртаева Нургуль Баймухановна.

Нургуль апай ұжымда әріптестер арасында жаңаша педтехнологиямен жұмыс жасап жүрген педагогтыңбірі. Оқыту сапасын жақсартуға бағытталған тың бастамалары оның кәсіби – әдістемелік біліктілігін қалыптастыруға үлес қосып келе жатырған әріптесім.

Нургуль апай тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамыту, кішкентай кезден бастап шығармашылыққа қызығушылығын ояту, шығармашылық саласындағы қабілеттін дамытып жүретін ізденімпаз педагог.

Биртаева Нургуль Баймухановна заманның талабына сай оқу – әдістемелік – тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыру арқылы жас ұрпаққа сапалы білім беру және тәрбиелеу ісіндегі жетекші педагогтардың бірі деп есептеймін.

Нургуль Баймухановнаның әріптесі:
«Жұлдыз» балабақшасының
ағылшын тілі мұғалімі
Жанауова Гульвира Серикбековна

**ХАРАКТЕРИСТИКА**

**На участницу Русского Народного хора «Малиновка»**

**Биртаевой Нургуль Баймухановне**

Нургуль Баймухановна является участницей и солисткой Русского Народного хора с 2010 года. Принимает активное участие в концертной деятельности коллектива. За период участия в хоре была награждена грамотами и благодарственными письмами, показывая возможности своих вокальных данных на сценах г. Нур-Султан, г. Кокшетау и другие. Являясь солисткой хора, имеет богатый творческий багаж, который с каждым годом пополняется.

В коллективе Нургуль пользуется уважением и доверительным отношением со стороны руководителя хора.

Имея музыкальные и творческими навыки, а также большой эмоциональный заряд Нургуль Баймухановна, способствует сохранению и развитию народных традиций.

**Художественный руководитель**

**Русского Народного хора «Малиновка»**

**Заслуженный работник культуры РК** **Гроза В.Т**